

Бекітілген

Жалғыз акционердің 2012 жылғы 08 мамырдағы шешімімен, № 48 бүйрық, өзгерістер мен толықтырулар Жалғыз акционердің 2012 жылғы 09 қарашадағы № 203, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 270, 2016 жылғы 13 қазандағы № 204, 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 318; 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 21, 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 345, 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 530, 2019 жылғы 24 мамырдағы № 129, 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64, 2021 жылғы 08 қарашадағы № 369, 2023 жылғы 27 қазандағы № 422-НҚ шешімдерімен енгізілген

## **«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ**

**Нұр-Сұлтан қ., 2012 жыл**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның атауы:

2.1. толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: акционерное общество «Агентство «Хабар»;
- 3) ағылшын тілінде: Joint-stock company «Khabar» Agency».

2.2. Қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Хабар» Агенттігі»АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «Агентство «Хабар»;
- 3) ағылшын тілінде: JSC «Khabar» Agency».

3. Қоғам «Хабар» Агенттігі» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін жетілдірудің жекелеген мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 мамырдағы № 438 қаулысына және «Хабар» Агенттігі» республикалық мемлекеттік кәсіпорның қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998 жылғы 16 маусымдағы № 331 қаулысына сәйкес құрылған.

**4-тармақ Жалғыз акционердің 2012 жылғы 09 қарашадағы № 203 бұйрығына сәйкес өзгертілді, 4-тармақ Жалғыз акционердің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 129 бұйрығына сәйкес өзгертілді, 4-тармақ Жалғыз акционердің 2023 жылғы 27 қазандагы № 422-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді**

4. Қоғамның атқарушы органдарының (Басқарманың) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 4-үй.

5. Қоғамның қызмет атқару мерзімі шектелмеген.

## **2. Қоғамның зандық мәртебесі**

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес занды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер және жауапкер болады.

7. Қоғамның мөрі, өз атауы көрсетілген бланкілері, өзінің тауарлық белгісі және нышандары, фирмалық бланкі және оның қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де деректемелері бар.

8. Қоғам өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен занды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте, ол орналасқан жерден тысқары орналасқан, занды тұлғалар болып табылмайтын, олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және Қоғамның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### **3. Қоғам қызметінің мақсаттары мен мәні**

11. Қоғам қызметінің басты мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пайда табу болып табылады.

12. Қоғам қызметінің мәні телерадио бағдарламаларын шығару және тарату болып табылады.

**13-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

13. Қоғам мына негізгі қызметтің түрлерін жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы мен өзге де елдер аумағында телевизиялық және радио хабар таратуды ұйымдастыру;

2) өз меншіктегі жылжымайтын мүлікті басқару және жалдау;

3) жарнамалық өнімді шығару және оны телевизия мен радиода тарату;

**13-тармақтың 4) тармақшасы Жалғыз акционердің 2021 жылғы 08 қарашадағы № 369 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

4) телевизиялық және радиобағдарламаларды шығару, дыбыстау, тираждау, сондай-ақ аудиовизуалды өнімдерді шығару және интернет желісінде тарату;

5) бағдарламаларды, кино-, аудио-, бейне- және басқа да өнімдерді шығару және айналысқа жіберу (сатып алу-сату, айырбастау, прокаттау және т.б.);

6) бейне-, аудио өнімдеріне және басқа да зияткерлік меншік объектілеріне авторлық және сабактас құқықтарды сатып алу;

7) Қазақстан Республикасында және шетелде теле-, кино-, аудио-, бейнеөнімдерді шығаруға тапсырыстарды орналастыру және орындау;

8) телевизия сигналын эфирлік, спутниктік, кабельдік, сымды, цифрлық байланыс арналары және релелік желілер арқылы жеткізу және тарату арқылы трансляциялау;

9) жергілікті желілер желісін пайдалана отырып телекоммуникация қызметтерін қоспағанда, қолданыстағы және жаңа эфирлік, спутниктік, кабельдік және өзге де байланыс жүйелерін пайдалану;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ақпараттық және басқа да қызметтерді ұсыну болып табылады;

11) телерадио хабарларын тарату саласында бағдарламалық өнімдерді өзірлеу жөніндегі жобаларды дайындау және іске асыру.

14. Қазақстан Республикасы заңнамасы айқындалған тәртіpte лицензия немесе басқа түрдегі рұқсат алуды қажет ететін қызмет түрлерін Қоғам тиісті лицензияларды немесе басқа түрдегі рұқсаттарды алғаннан кейін ғана жүзеге асыра алады.

#### **4. Қоғамның құрылтайшысы**

15. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын, теледидар және радио хабарларын тарату саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін құрылған акционерлік қоғам болып табылады.

*16-тармақ Жалғыз акционердің 2016 жылғы 13 қазандагы № 204 бүйрекшілдік өзгертуілді, 16-тармақ Жалғыз акционердің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 129 бүйрекшілдік өзгертуілді, 16-тармақ Жалғыз акционердің 2023 жылғы 27 қазандагы № 422-НҚ бүйрекшілдік өзгертуілді*

16. «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысына сәйкес республикалық меншіктегі «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті оран Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне берді. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының мемлекеттік меншіктегі акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға тиесілі.

*17-тармақ Жалғыз акционердің 2016 жылғы 13 қазандагы № 204 бүйрекшілдік өзгертуілді, 17-тармақ Жалғыз акционердің 2019 жылғы мамыр № 129 бүйрекшілдік өзгертуілді, 17-тармақ Жалғыз акционердің 2023 жылғы 27 қазандагы № 422-НҚ бүйрекшілдік өзгертуілді*

17. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

## **5. Қоғамның құрылтай құжаттары**

18. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

19. Осы Жарғы Қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтаушы құжат болып табылады.

20. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Жарғымен танысуға құқылы.

## **6. Қоғамның құқықтары мен міндеттері**

21. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарға ие болады және міндеттер атқарады.

22. Қоғамның Жалғыз акционерден оқшауланған мүлкі болады және оның міндеттері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиісті мүлік шегінде жауап береді, одан өндіріп алу тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қана жүргізуі мүмкін.

23. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Қоғам мемлекеттің міндеттемелір бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

24. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай құқықтары бар:

1) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес міндеттер мен құқықтарды сатып алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімхаттар беруге;

3) қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау»-ды және басқа зияткерлік мәншіктегі нысандарды иеленуге және пайдалануға құқықтарды сатып алуға ұсынуға;

4) Жалғыз акционердің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын шарттарға сәйкес бағалы қағаздар шығаруға;

5) ерікті түрде Қазақстан Республикасы аумағындығы және шетелде барлық түрдегі меншікті ұйымдармен бірлестіктіктерге енуге, Қазақстан Республикасы аумағындағы және шетелдегі ұйымдардың қатысушы болуға;

6) белгіленген тәртіпке сәйкес өз меншігіндегі барлық түрдегі жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктерді, оның ішінде жерді, ғимараттарды, құрылыштарды қосып есептегендеге, жалға беруге және жалға алуға, оларды жөндеуге, жобалауға, салуға, жабдықтауға, қайта жабдықтауға, сатуға, кепілдікке беруге, қайта тапсыруға немесе өзге түрде билік етуге;

7) салық есептілігінің, мүлікті бағалау және кіріс пен шығыстың есебінің мақсаты үшін бухгалтерлік есептің қабылданған жалпы қағидаларына сәйкес талап етілетін және қажетті құжаттарды жүргізуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік валюталарды сатып алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындығы немесе шетелдік банктерде есепшоттардың барлық түрлерін ашуға және жүргізуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыз немесе несиeler түрінде қараждаттар тартуға, алуға және пайдалануға;

11) Қоғам алдына қойылған тапсырмаларды орындау мақсатында бағдарламаларды қаржыландыру нобайларын өзірлеуге және жүзеге асыруға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын ескере отырып, өзі өндірген өнімге немесе көрсетілген қызметтерге ұлттық және (немесе) шетелдік валютада тапсырыс берушілермен келісімдер бойынша баға белгілеуге және жеткізу мен қызмет көрсетудің шарттарын өзі келісуге;

13) материалдық құндылықтар, тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сату-сатып алу немесе жалға алу бойынша экспорттық және (немесе) импорттық келісімдер жасасуға;

14) Қазақстан Республикасының аумағындығы немесе шетелдегі заңды және жеке тұлғалармен, сонымен қатар шетелдік, мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен еркін хат алмасып байланыста болуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық өзге де құқықтарды иеленуге, жүзеге асыруға немесе беруге;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып өз қызметін кадрлық қамтамасыз ету мәселелерін дербес шешуге, тарифтік ставкалардың және лауазымдық жалақылардың, үстеме ақылардың, сыйлықақы

және өзге де материалдық төлемдердің мөлшерін белгілеуге;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда кепілдерді, кепілдіктерді және басқа да қаржылық міндеттемелерді қабылдауға немесе беруге;

18) Қоғамның қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті заңды тұлғалардың акцияларын, үлестерін немесе мұліктеріндегі өзге де құқықтарды сатып алуға, меншікте иеленуге, жалға алуға, сатуға немесе өзгеше билік етуге;

19) Жарғының осы тармағында көзделген құқықтарды өз атынан немесе

Қоғам атынан әрекет ететін үшінші тұлғалармен, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде жүзеге асыратын кез келген басқа заңды тұлғалармен бірлесіп шарттар жасасу арқылы жүзеге асыруға;

20) акционерлік қоғамдар нысанындағы заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтардың барлық түрлеріне ие болуға.

## **7. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері**

25. Қоғам заңды тұлғалар болып табылмайтын, Директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

26. Қоғамның филиалдарының (өкілдіктері) қызметіне басшылықты Қоғамның Басқармасы тағайындастырын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдың (өкілдіктиң) басшысы Басқарманың алдында жауапты болады және Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

27. Қоғам өзінің филиалдары мен өкілдіктерінің қызметтері үшін жауапты болады.

## **8. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері**

28. Жалғыз акционер құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіpte Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтерді алуға;

3) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның қызметі жөнінде ақпаратты алуға, сонымен қатар Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғам орталық депозитарийден немесе номиналдық ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді сот арқылы даулауға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларымен келітірлген залалды өтеу және Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғаларымен ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік танытатын мәмілелер (жасасуға ұсыныс беру) туралы шешім қабылдаудың нәтижесінде алынған кірісті (пайда) қайтару туралы шағымдануға;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдарды жолдауға және Қоғамға сауал түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

9) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін иеленуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің жиналыстарын шақыруды талап етуге;

12) Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуі ұсынуға;

13) Қоғамнан өз есебінен аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуі талап етуге;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар орын алған ретте, дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға.

29. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де құқықтарға ие бола алады.

30. Жалғыз акционер міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіpte акцияларды төлеуге;

2) Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды тіркеушісі мен номиналды ұстаушыға он күн ішінде Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты, қызметтік коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

31. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі осы Жарғының 30-тармағында көрсетілген міндеттерді Жалғыз акционердің орындаудын түвіндайтын зардапқа жауап бермейді.

## **9. Қоғамның жарғылық капиталы**

32. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес құрылтайшылардың акцияларды олардың нақты құны бойынша және инвесторлардың айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады.

33. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен жарғылық капиталын ұлғайтуға құқылы. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte және негіздерде жүзеге асырылады.

## **10. Қоғамның мүлкі**

34. Қоғамның мүлкі Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығымен тиесілі.

Қоғам құратын филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі Қоғамға меншік құқығымен тиесілі.

35. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құралады:

- 1) Жалғыз акционердің Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүлкінен;
- 2) Қоғамның қызметінің нәтижесінде алынған кірістерден;
- 3) ақысыз және қайырымдылық жарналардан, үйымдар мен азаматтардың қайырмалдықтарынан;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздерде алынған өзге де мүліктен.

## **11. Қоғамның акциялары және өзге де бағалы қағаздары**

36. Қоғам құжатсыз нысанда жай акциялар шығарады.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte облигациялар мен өзге де бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

37. Жай акция акционерге оның қарауына шығарылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сондай-ақ акционерге Қоғамда таза табыс бар болған ретте дивидендтер алу және ол таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

38. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастырады.

39. Қоғам оның шаруашылық қызметімен байланысты шығындарды жабу үшін акциялар шығаруға құқылы емес.

**40-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

40. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастырылатын акцияларға төлем жасауға ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен төлем жасау бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім аяқталғанға дейін Жалғыз акционердің келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.

41. Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі оны сатып алушының жеке шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ. Толықтай төленбекен акциялар және Қоғам сатып алған акциялар дауыс беру құқығына ие болмайды және олар бойынша дивидендтер төленбейді.

**42-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

42. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі дорталық депозитарий жүзеге асырады.

43. Қоғам өзі орналастырган бағалы қағаздарды:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;

2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспаған;

3) кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі макұлдаған жағдайда ғана кепілге қабылдай алады.

## **12. Дивидендтер**

44. Дивиденд Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам төлейтін кірісі болып табылады.

45. Дивидендтерді төлеу ақшалай, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның

жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

46. Жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер қабылдайды.

47. Жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылданған кезде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

**48-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

48. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өз өкілеттіліктерінің шегінде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

**49. 49-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес алынып тасталды.**

50. Дивидендтер төлеу туралы шешім мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері; 4) дивидендтер төлеудің басталатын датасы; 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

**51-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

51. Жалғыз акционер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

52. Қоғамның өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса, сондай-ақ егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса жай акциялар бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

53. Осы Жарғының 52-тармағын бұза отырып жасалған іс-әрекеттер Қоғам кредиторларының мүдделеріне залал келтіретін деп қаралады және келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

### **13. Қоғамның органдары**

55. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;

4) 4) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес алынып тасталды.

#### 14. Қоғамның жалғыз акционері

55-тармақтың бірінші абзацы Жалғыз акционердің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес өзгертілді, 55-тармақта Жалғыз акционердің 2019 жылғы 24 мамырдағы № 129 бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізілді, 55-тармақта Жалғыз акционердің 2023 жылғы 27 қазандығы № 422-НҚ бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізілді

55. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалған өкілеттіктерінің шенберінде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.».

Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Қоғамның акционерлерінің жылдық жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндettі. Есепті кезең ішінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

56. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Зан) және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер Қоғамның құқықтарына нұқсан келтірмейтін және оны шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

57. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

7) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

**57-тармақ Жалғыз акционердің 2012 жылғы 09 қарашадағы № 203 бұйрығына сәйкес 7-1) тармақшамен толықтырылды.**

7-1) Директорлар кеңесі туралы ережені, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды бекіту;

**8) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ тәртіптік жазаларды қолдану;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де занды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);

16) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәрібін айқындау;

**16-1) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандагы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

16-1) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауды;

17) шешім қабылдау, Заңда және (немесе) осы Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

58. Заңға сәйкес Қоғамның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қаралуы тиіс мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына енгізуге Қоғамның Директорлар кеңесі бастамашылық жасайды.

59. Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді шығарумен байланысты шығындар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғаммен өтеледі.

60. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша дәйекті шешім қабылдауға қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

61. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) Тегі, аты, қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға үлестес болуы туралы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылда жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәлімет;
- 5) кандидаттардың жұмыс тәжірибесін, біліктілігін растайтын өзге де ақпарат.

Қоғамның директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда материалдарда директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі. Егер директорлар кеңесіне кандидат акционер немесе Заңның 54-бабының 3-тармағында көзделген жеке тұлға болып табылатын болса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі қоғамның дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

62. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша Жалғыз акционердің қарауына шығарылған материалдар мыналарды қамтиды:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;

2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;

3) өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсынымы;

4) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-эрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

5) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

63. Жалғыз акционердің шешімдері Басқармада сақталады және Жалғыз акционерге кез келген уақытта танысу үшін беріледі.

Жалғыз акционердің талабы бойынша белгіленген тәртіpte куэландырылған Жалғыз акционердің шешімінің көшірмесі беріледі.

64. Егер Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционердің ерекше құзыretіне жатқызылатын мәселелер бойынша шешім қабылдау Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыretіне беруге жол берілмейді.

65. Жалғыз акционер Қоғамның басқа органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып қабылданған кез-келген шешімнің күшін жоюға құқылы.

## 15. Қоғамның Директорлар кеңесі

66. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы жарғымен айқындалған тәртіpte қабылданады.

67. Директорлар кеңесінің айрықша құзыretіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандагы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді.

4) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның жыл қорытындысы бойынша төлейтін 1 (бір) жай акциясына есептегендегі дивидендердің мөлшері туралы ұсыныстар беру;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) және 8) тармақшалары Жалғыз акционердің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 21 бүйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

7) Басқарма туралы ережені бекіту;

8) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша Қоғам Басқармасы мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттер мүшелерін сайлау;

10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Басқарманың ұсынысы бойынша Қоғамның даму жоспарларын, Қоғамның жылдық қаржы-шаруашылық жоспарларын (бюджет) және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту;

14) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бүйрығына сәйкес өзгертілді.

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 21 бүйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

15) Жалғыз акционердің алдын ала келісімі бойынша штат санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайзын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

18) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайзы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайзы болатын шамаға көбейту;

20) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

21) осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және келісімдерді жасау туралы шешім қабылдау;

*Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздагы № 345 бұйрығына сәйкес 21-1) тармақшамен толықтырылды.*

21-1) Қоғамның омбудсменін тағайындау және омбудсмен туралы ережені бекіту;

22) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің және Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

68. Тізбесі осы Жарғының 67-тармағымен белгіленген мәселелер Басқарманың шешуі үшін берілмейді.

69. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

70. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

71. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне, мемлекеттік қызметші болып табылатын мүшелерді қоспағанда,

олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) олардың Директорлар кеңесінің мүшесі функциясын орындауымен байланысты шығындары өтелуі мүмкін. Ондай сыйақылар мен өтемақылардың көлемі осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

**72- тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандагы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.**

72. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелер санының үштен бір бөлігінен кем болмауы керек.

Директорлар кеңесінің мүшелері Заңға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен сайланады және қайта сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Қоғамның Жалғыз акционері қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдағанға дейін өз өкілеттіктерін орындайды.

Егер Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің немесе республикалық мулікті басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өкілі ретінде сайланған тұлға мұндай болуды тоқтатқан жағдайда, онда осы тұлға Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің отырыстарына қатыса алмайды, сондай-ақ қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге қатыса алмайды.

**73- тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандагы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.**

73. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

**Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандагы № 64 бұйрығына сәйкес 73-1 тармақпен толықтырылды.**

73-1. Тәуелсіз директор болып сайланатын тұлға:

1) Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайды және

Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда, өзі Directorlar кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ол болып табылмайды;

2) Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайды;

3) Қоғамның немесе үйымдардың – Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарына бағыныстылықпен байланысты болмайды және Directorlar кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты болмайды;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) Қоғам органдарының отырыстарында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайды және Directorlar кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмады;

6) аудиторлық үйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғам аудитіне қатыспайды және өзі Directorlar кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспады.

**74-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

74. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарманың мүшелері Directorlar кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Басқарма Төрағасы Directorlar кеңесінің Төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.

75. Directorlar кеңесі мүшелерінің жасырын дауыс беруі нәтижесінде көпшілік дауысымен сыйналанатын Directorlar кеңесінің Төрағасы:

1) Directorlar кеңесінің жұмысын үйимдастырады;

2) Directorlar кеңесінің жиналысын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) жиналыстарда хаттама жүргізуі үйимдастырады.

76. Directorlar кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функциясын Directorlar кеңесінің шешімімен Directorlar кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

**77-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.**

77. Directorlar кеңесінің отырысы оның Төрағасының, Басқарманың немесе Қоғамның Басқарма Төрағасының бастамасымен не болмаса мына тұлғалардың талап етуімен шақырылуы мүмкін:

1) Directorlar кеңесінің кез-келген мүшесі;

2) Ішкі аудит қызметі

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыруши аудиторлық үйим;

4) Жалғыз акционер;

78. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Directorlar кеңесінің Төрағасына Directorlar кеңесі жиылдысының күн тәртібімен қоса ұсынылатын мәселелер бойынша қосымшасы бар сәйкес жазбаша хабарламаны жіберу жолымен қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Directorlar кеңесінің жиналысын шақыруға міндettі Basqarmana жүргінуге құқылы.

79. Directorlar кеңесінің отырысы шақырылым туралы талап келіп түскеннен бастап он күннен аспайтын уақыт ішінде шақырылуы тиіс.

80. Directorlar кеңесінің жиналысы аталған талапты қойған тұлғаны міндettі шақыру арқылы өткізіледі.

81. Directorlar кеңесінің отырысын өткізу туралы күн тәртібімен қоса ұсынылатын мәселелер бойынша қосымшасы бар сәйкес жазбаша хабарлама жиналыстың өтуіне дейінгі жеті күнтізбелік күннен кеш емес уақыт аралығында Directorlar кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

Егер ірі мәміле жасау және (немесе) мұдделілік болатын мәміле жасау туралы шешім қабылдау жөнінде сұрақ қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары туралы, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаттары мен көлемдері туралы мәліметтер, сондай-ақ егер мәміле нәтижесінде Қоғамның активтерінің мөлшерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға барабар мүлік иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын болса бағалаушының есебі қамтылуы тиіс.

82. Directorlar кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырысты өткізу уақыты, күні және орны туралы мәліметтерден, оның күн тәртібінен, сондай-ақ күндізгі отырысты өткізу кезінде Directorlar кеңесіне егер де ол жиналысқа қатыса алмаған жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірmeden тұруы тиіс.

83. Directorlar кеңесінің мүшесі Basqarmanы өзінің Directorlar кеңесінің жиналысына қатыса алмайтындығын алдын ала ескертуі керек.

84. Directorlar кеңесінің отырысын өткізу үшін жалпы жиналым Directorlar кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс және Directorlar кеңесінің қатыспаған мүшелерін ескере отырып анықталуы мүмкін (олардың жазбаша түрдегі дауыстары болған жағдайда);

Directorlar кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың бірінші абзацында анықталған жиналымға жету үшін жеткіліксіз болса, Directorlar

кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндетті.

85. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, жиналысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тепе-тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің жиналысында төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

86. Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесі мүшелері қатыса алатын жабық жиналыстың өткізілуі туралы шешімдер қабылдауга құқылы.

87. Қоғамның ірі мәміле жасауды туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte Директорлар кеңесі қабылдайды.

88. Мұдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасасуды туралы шешім оның жасалуына мұдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

89. Директорлар кеңесі Төрағасының еркі бойынша оның қарауына жіберілген Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Директорлар кеңесінің сырттай жиналысын өткізу тәртібі Занмен және Қоғамның ішкі актілерімен айқындалады.

**90-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

90. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіpte өткізілген отырысында қабылданған шешімдер отырыс өткен күннен бастап жеті күн мерзімінде хаттамамен рәсімделеді, оған отырыста төрағалық еткен тұлға мен корпоративтік хатшы қол қояды және ол мыналардан тұруы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізілген күн, уақыт және орын;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша өзге де мәліметтер.

91. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, сондай-ақ Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері, оларға қол қойылған бюллетенъдер қоса беріле отырып, Қоғамның корпоративтік хатшысында сақталады.

**92-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бүйрекшігіна сәйкес өзгертілді.**

92. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптары бойынша Директорлар кеңесінің отырыс хаттамаларын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін танысу үшін беруге және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімдердің үзінділерін беруге міндетті.

**92-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бүйрекшігіна сәйкес жаңа редакцияда жазылды.**

93. Негұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда келесі Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, ол мына мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар (Ішкі аудит қызметі қызметкерлері лауазымына кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды, сондай-ақ қызмет тиімділігінің түйінді көрсеткіштерінің атқарылуын қарауды қоспағанда);

3) әлеуметтік мәселелер;

4) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер. Аудит жөніндегі комитет, ол келесі мәселелерді қарастырады:

1) ішкі аудит;

2) Ішкі аудит қызметі қызметкерлері лауазымына кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ қызмет тиімділігінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуын қарау түрғысынан қарағанда;;

3) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

**92-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бүйрекшігіна сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

94. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан құралады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы Жарғының 93-тармағында көрсетілген Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары Тәуелсіз директорлар болып табылады. Қоғамның Басқарма Төрағасы комитеттің төрағасы бола алмайды.

Аудит жөніндегі комитет тек Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруы тиіс.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

## 16. Қоғам Басқармасы

95. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

**96-тармақтың бірінші абзацы Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

96. Басқарма Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

**1) және 2) тармақшалар Жалғыз акционердің 2017 жылғы 25 қаңтаррдағы № 21 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

1) Қоғамның штат саны мен ұйымдық құрылымын Жалғыз акционермен алдын ала келісуімен өзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

**2) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 сәуірдегі № 345 бұйрығына сәйкес өзгерілді.**

2) Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

3) Қоғамның барлық қызметкерлеріне орындалуы міндетті шешімдер қабылдайды және нұсқаулар береді;

**4-тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

4) Директорлар кеңесінің қарауы мен бекітуіне Қоғамның даму жоспарларын, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарларын (бюджет) және олардың орындалуы туралы есептер ұсынады;

5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Қоғамға тиесілі активтердің он пайыздың дейінгі мөлшерлемесін құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру жолымен өзге занды тұлғаларды құру мен олардың іс-қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешімдер қабылдайды; 7) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды

7) Қоғамның ұйымдық бірліктері (құрылымдық бөлімшелері) туралы ережелерді, сондай-ақ Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатымен

қабылданатын және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзіретіне жатпайтын емес өзге де құжаттарды бекітеді;

8) тауарлық белгілердің үлгілерін, қызмет көрсету белгілерін және Қоғамның бейнелемесін бекітеді;

9) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындауды бақылауды жүзеге асырады;

10) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 сәуірдеғі № 345 бұйрығына сәйкес алынып тасталды.

11) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 сәуірдеғі № 345 бұйрығына сәйкес алынып тасталды.

12) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

97. Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарма отырысына қатысып отырған Басқарма мүшелері қол қояды және дауысқа салынған сұрақтарды, олар бойынша дауыс берудің қорытындыларын, әрбір сұрақ бойынша әрбір Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижелерін қамтиды.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа адамға, соның ішінде Қоғамның Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

98. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндettі.

99. Басқарма Қоғамның даму жоспарының және Қоғамның қаржышаруашылық қызметінің жылдық жоспарларының (бюджеттің) орындалуына жауапты.

100. Егер мәміле жасау сәтіне тараптар ондай шектеулер туралы білгендігін дәлелдей алса, Қоғам Басқарманың Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отырып жасалған мәмілелерінің жарамдылығына дауласа алады.

101. Басқарма мүшесі өзге үйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істей алады.

102. Басқарма мүшелері өздеріне тапсырылған міндettемелерді адалдықпен орындаپ, Қоғам мен Жалғыз акционердің көзқарасын жақтайтын тәсілдерді қолдануы тиіс.

103. Басқарма мүшелері шығындардың алдын алу, Қоғамның қызметін оңтайландыру үшін Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасау, Басқарма Төрағасын хабардар ету немесе басқа да қол жетімді тәсілдер арқылы қажетті шаралар қабылдауға міндettі.

104-тармақ Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды

104. Басқарма мүшелерінің басқа да функциялары, құқықтары мен міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, осы Жарғымен, сондай-ақ Қоғамның осы тұлғамен жасалған еңбек шартымен айқындалады.

105. Басқарма Төрағасымен еңбек шарты Қоғам атынан Директорлар кеңесінің Төрағасымен жасалады. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шарты Басқарма Төрағасымен жасалады.

106. Басқарма құрамы үш адамнан кем болмауы керек.

107. Басқарма қажеттілікке қарай, бірақ кем дегенде бір айда бір рет шақырылады.

108. Басқарма кез-келген Басқарма мүшесінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

109. Басқарманың шешімдері қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысын жинау арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. 110. Басқарма Төрағасы:

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды;
- 4) Қоғам атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында сенімхатсыз әрекет етеді;
- 5) Қоғамның оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 6) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, орналастыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңмен және осы Жарғымен бекітілген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазага тартады;
- 7) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақыларының мөлшерін бекітеді, корпоративті хатшыны, Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерді және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерін анықтайды;
- 8) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттемелерін орындауды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді;
- 9) Басқарма мүшелерінің міндеттемелерін, өкілеттілік аясын және жауапкершіліктерін, сондай-ақ олардың бірін-бірі алмастыруларын белгілейді;
- 10) Қоғамның жұмыс режимін бекітеді;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;

- 12) Қоғамның ағымдағы және келешектегі жоспарлары мен бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етеді;
- 13) өз құзіреті шеңберінде бүйрықтар шығарады, міндептемелер жүктейді;
- 14) Қоғамның банктік және өзге де есеп-шоттарын ашады;
- 15) Басқарма отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды қарauғaуынады;
- 16) Қоғам мүліктеріне қатысты заңсыз әрекеттерді туындалатын себептер мен жағдайларды анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;
- 17) Қоғамда сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыстарды жүргізеді және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау үшін жеке жауапты болады;
- 18) осы Жарғымен, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де функцияларды атқарады.

111. Басқарма Төрағасының шешімі бойынша Басқарма мүшелеріне бекітілген тәртіппен оның қандай да бір өкілеттіліктері сенімхат негізінде берілуі мүмкін.

## **17. Ішкі аудит қызметі**

112. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Ішкі аудит қызметін құру туралы шешім қабылдануы мүмкін. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайланған алмайды.

113. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оған өзінің қызметі бойынша жыл қорытындысы бойынша және Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мерзімде есеп береді. Ішкі аудит қызметінің міндептері, функциялары, құқықтары мен қызмет атқару тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

114. Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Ішкі аудит қызметі:

- 1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы объективті тәуелсіз ақпаратты ұсынады;
- 2) жүйелендірілген және тізбектелген әдістерді қолдана тәуекелді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару принциптеріне баға береді, бақылайды және оларды жетілдіруге мүмкіндік туғызады;
- 3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның құзыретіне жатқызылатын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **18. Корпоративтік хатшы**

**115-тармақ Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздагы № 345 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

115. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның директорлар Кеңесі тағайындаған және Қоғамның директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғамның қызметкері болуы тиіс.

116. Корпоративтік хатшының құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындау;
- 2) Жарғы ережелеріне және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның органдарының арасында анық өзара қатынасты қамтамасыз ету;
- 3) корпоративтік басқару дамуындағы жаңа тенденциялар туралы Қоғамның Директорлар кеңесі мен лауазымды тұлғаларды ақпараттандыру;
- 4) Қоғам туралы ақпаратты ашу және ұсынуды қамтамасыз ету;
- 5) Жалғыз акционердің өтінішін Қоғамның тиісті органдарымен тиісінше қарастырылуын қамтамасыз ету және акционердің құқықтарының бұзылуымен байланысты қақтығыстарды шешу;
- 6) Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің өтініштерін

Қоғамның органдарымен уақытылы қарастырылуына бақылау жүргізу;

7) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдердің сақталуын қамтамасыз ету;

**8) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандагы № 64 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды**

8) Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша Директорлар кеңесінің отырыс хаттамаларын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін танысу үшін береді және (немесе) оның қолымен расталған хаттама мен шешімдердің үзінділерін береді.

117. Корпоративтік хатшының мәртебесі, функциялары, құқықтары мен міндеттері Директорлар кеңесімен бекітілетін корпоративтік хатшы туралы ережемен анықталады.

## **19. Қоғамның лауазымды тұлғалары**

118. Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады:

119. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мұдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді қолданады;

2) Қоғамның мүлкін өз мақсаттарына пайдалануға немесе оның осы Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланылуына, сондай-ақ жеке мақсатта және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдалануына жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуі қоса алғанда бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғам қызметі туралы ақпараттың ашылуы мен берілуін Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес бақылайды;

**5)тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялышының, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті.

120. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, қоғамның және оның акционерлерінің мұдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) барлығына әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

**121-тармақтың 1-абзацы Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді**

121. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оның ішінде мына нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Қоғам шеккен залалдар үшін Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционері алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) осы Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және

(немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау.

Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларда, Директорлар кеңесі ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын қоғам органдың отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилииленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

122. Жалғыз акционердің шешімі негізінде Қоғам лауазымды адамға оның қоғамға келтірген зиянды не залалдарды қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сotқа жүгінуге құқылды.

123. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органды қабылдаған, қоғамға не Жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

124. Егер лауазымды тұлғаның Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің осы Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

125. Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Қоғамның лауазымды адамдары, заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде қоғамдардың лауазымды тұлғаларының міндеттерін орындаі алмайды.

126. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды адамдары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

## **20. Қоғамның лауазымды тұлғаларының және заңды тұлғалардың олардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі**

127. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның орталық депозитарийі ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

128. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызыметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

129. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын лауазымды тұлғалар мен заңды тұлғалар қосылған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған көлемде ұсынады.

130. Бұған дейін болған тұлға Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе заңды тұлғасы қосылғандығын тоқтатқан жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе заңды тұлғасы Қоғамды бұл туралы бес күн ішінде хабардар етеді.

## **21. Қоғамның ақпаратты ашуы**

131 Қоғам Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызыметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізуге міндettі.

132. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпараты деп келесілер танылады:

**1) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бүйрекінде сәйкес өзгертілді**

1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер;

**Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бүйрекінде сәйкес 1-1) тармақшамен толықтырылды.**

1-1) Директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер, олар туралы ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционерге жеткізілуге тиіс;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

**3)тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бүйрекінде сәйкес өзгертілді**

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар және қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны Қоғам

активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасауы.

Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы акпаратта сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын мәміленің тараптары туралы мәліметтер, шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер болған кезде қамтылуға тиіс;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомага Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;;

5) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес өзгертілді

5) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

6) тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес алып тасталды;

7) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес өзгертілді

7) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға бірінші санаттағы рұқсаттарды алуы, Қоғам бұрын алған бірінші санаттағы рұқсаттардың қолданысын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;

8) 8) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес алынып тасталды;

9) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

10) теңгерімдік құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын, соның нәтижесінде Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

11) 11) тармақша Жалғыз акционердің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 64 бұйрығына сәйкес алынып тасталды;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

13) Қоғамды мәжбүрлеп қайта үйымдастыру туралы шешімдер;

14) Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мұдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

133. Жалғыз акционердің мұдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

134-тармақша Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес өзгеріс енгізілді

134. Егер Занда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (Жалғыз акционердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат ол туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі.

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз акционерге Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті соттың хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде беруге тиіс.

135. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндettі түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

136. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарын Қоғам Басқарма орналасқан жерде немесе Басқарманың шешімі бойынша өзге жерде оның қызметінің барлық мерзімі ішінде сақтауға тиіс.

137. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Қоғамның директорлар Кеңесі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндettі.

138. Жалғыз акционерге белгілі болған «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар Қоғамның қызметі туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге нысанда беруге болмайды. Мұндай ақпаратқа ие Жалғыз акционер оны құпияда сақтауға міндettі. Құпия ақпаратты ашу Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

139. Республикалық мерзімді баспасөз басылымдары Занға сәйкес жариялануға тиіс қаржылық есептілікті және өзге де ақпаратты жариялау үшін «Казахстанская правда» немесе «Егемен Қазақстан», сондай-ақ [www.Khabar.kz](http://www.Khabar.kz). интернет-ресурсы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

140. Iрі мәміле және (немесе) мұдделелік бар болатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында ашылады. Қоғамның активтерінің мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын сомаға барабар мүлік иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары туралы, мәмілені орындау мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаттары мен көлемдері туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

141. Қоғам жылдық есепті Қоғамның интернет-ресурсында оны Жалғыз акционер бекіткен күннен бастап он бес күн ішінде орналастырады.

## **22. Есеп, есептілік және аудит**

142. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес өзірленген Қоғамның есеп саясатына сәйкес жүргізіледі.

143. Қоғамның қаржылық жылы болып күнтізбелік жыл (1 қантардан бастап 31 желтоқсанға дейін) табылады. Қоғамның жылдық қаржылық есебі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалады және Қоғамның бухгалтерлік балансын, пайдалар мен шығындар туралы есепті, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және өзге де есептілікті қамтиды.

144. Басқарма жыл сайын Жалғыз акционерге өткен қаржы жылы үшін аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиті жүргізілген қаржылық есепті, оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі оны Жалғыз акционердің қарауына енгізуден 30 (отыз) күн бұрын Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілуі тиіс.

Қаржылық есептілікпен қатар Басқарма Жалғыз акционерге аудиторлық есепті ұсынады.

## **23. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

145. Қоғамды қайта ұйымдастыру, тарату және атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

146. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

147. Қоғамды тарату рәсімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

148. Қоғам таратылған ретте оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.

149. Таратылатын Қоғамның мүлкін бөлу, сондай-ақ Қоғамның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **24. Қорытынды ережелер**

150. Осы Жарғы ол Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және Қоғамның барлық қызмет ету кезеңінде немесе Қоғамның жаңа Жарғысы қабылданғанға дейін қолданыста болады.

151. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

152. Осы Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда рәсімделеді, оған өкілетті тұлғалар қол қояды және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына тіркеу үшін ұсынылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген өзгерістер мен толықтырулар осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

153. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

**«Хабар» Агенттігі» АҚ**

**Басқарма Төрағасы**

**А.Укибаев**